



010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы  
ғимарат 8, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7 (7172) 74-38-24  
e-mail: info@ economy.gov.kz

010000, город Астана, район Есиль, проспект Мангилик Ел  
здание 8, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7(7172) 74-38-24  
e-mail: info@economy.gov.kz

№ исх: 35-17/2524//17-24/194-22//17-8/194 от: 21.05.2018

№

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

2018 жылғы 24 қаңтардағы № 194 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрлігі (бұдан әрі - *Министрлік*) 2018 жылғы 24 қаңтардағы № 194 депутаттық сауалға жауап беру шеңберінде, мынаны хабарлайды.

*1. Энергия беруші ұйымдарды ірілендіру мәселелері бойынша*

100 нақты қадам – Ұлт жоспарының 51 - қадамында айқындалған міндеттерді іске асыру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң (бұдан әрі – *Заң*) әзірленді және 2017 жылғы 11 шілдеде қабылданды.

Заңның бірінші кезектегі міндеті **энергия беруші ұйымдар санын азайту және иесіз электр желілері мәселесін шешу** болып табылады.

Занда энергия беруші ұйымдарға қойылатын, кезең-кезеңмен қолданысқа енгізілетін талаптар белгіленген:

1) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап диспетчерлік технологиялық басқарудың болуы бойынша бірінші талап күшіне енді;

2) 2020 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей электр желілерін, жабдықты, тетіктерді пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді, еңбекті қорғауды және қауіпсіздік техникасын жүзеге асыратын, жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнайы киіммен, аспаптармен және құрылғылармен қамтамасыз етілген, оқытылған және аттестатталған персоналмен жасақталған қызметтердің болуы, және жүйелік оператормен жүйелік қызметтер көрсетуге шарттарының болуы талап етіледі;

3) 2022 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей жүйелік операторда және өңірлік электр желілік компанияда орнатылған жүйелермен қалыптандыруын (унификация) қамтамасыз ететін коммерциялық есеп бойынша автоматтандырылған жүйелері мен телекоммуникация жүйелерінің болуы талап етілуде.

Белгіленген тетікке сәйкес энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган Заңның талаптарына сәйкес келмейтін энергия беруші ұйымдарды анықтайды және мұндай ақпаратты табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға жібереді. Тарифтерді бекітуге жауапты уәкілетті орган **талаптарға сәйкес келмейтін компаниялар үшін бұрын бекітілген тарифтерді қайта қарауы тиіс.**

Осылайша, біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты «Әулие-Ата» халықаралық әуежайы (*Жамбыл обл.*) «электр энергиясын беру» қызметі бойынша Комитеттің Жамбыл облысы бойынша Департаментімен электр энергиясын тарату бойынша тариф төмендетілген **1,85-тен 1,57** теңге/кВтсағ (*ҚҚС-сыз*) дейін немесе 0,28 теңге/кВтсағ.

Осыған байланысты, босату тарифі соңғы тұтынушыға дейін төмендеді **16,35-ден 16,07** теңге/кВтсағ (*ҚҚС-сыз*) дейін.

Сондай-ақ, біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты «Қорқыт Ата Әуежайы» АҚ (*Қызылорда обл.*), электр энергиясын беру жөніндегі қызмет көрсететін Комитеттің Қызылорда облысы бойынша Департаментімен электр энергиясын тарату бойынша тариф төмендетілген **2,96-дан 2,78** теңге/кВтс (*ҚҚС-сыз*) дейін, немесе 0,18 теңге/кВтсағ.

Осыған байланысты, соңғы тұтынушыға босату тарифі **18,96-дан 18,78** теңге/кВтсағ (*ҚҚС-сыз*) дейін төмендеді.

Бүгінгі күні энергия беруші ұйымдар санының азаюы орын алуда. Айталық, үш энергия беруші ұйым электр энергиясын беру бойынша қызметті жүзеге асыруды тоқтатты, оның ішінде екеуі Ақтөбе облысында және біреуі Атырау облысында.

Мамандандырылған энергия беруші ұйымдарға иесіз электр желілерін және мемлекеттік заңды тұлғалардың электр желілерін беру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға жауапты болып **облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері** айқындалды.

2017 жылғы қарашада жергілікті атқарушы органдар заңнамада белгіленген талаптарды және мерзімдерді ескере отырып, желілерді беру рәсімдері жөнінде қажетті іс-шаралар қосылған Энергия беруші ұйымдарды ірілендіру, иесіз электр желілерін, коммуналдық меншіктегі желілерді энергия беруші ұйымдарға беру бойынша жол карталарын қалыптастыруды аяқтады. 2018 жылы энергия беруші ұйымдардың басқаруына 119,1 км иесіз электр желілері берілуі тиіс. Мұндай желілерді толық беріу 2020 жылы аяқталуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (*бұдан әрі - Энергетикамині*) энергия беруші ұйымдарды ірілендіру бойынша жұмыс нәтижелері туралы халықты хабардар ету бойынша жұмысты тұрақты негізде жүзеге асырады. Егжей-тегжейлі ақпарат қосымшада көрсетілген (*№ 1 қосымша*).

## 2. Электр энергиясына тариф белгілеу мәселелері бойынша

2009 жылғы 1 қаңтардан бастап «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, оның ішінде тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтер енгізілді. Бұл ретте, мынадай мақсаттар көзделген:

1. энергия жүйесі жүктемесінің кестесін оңтайландыру;
2. тұтынудың қарбалас сәттеріндегі ең жоғарғы жүктемені төмендету (*сағат 19.00-ден 23.00-ге дейін*) және энергия жүйесінің ең төменгі жүктемелер

сәттерінде электрді тұтынуды ұлғайту (*түнгі ойылым жүктемесі сағат 23.00-ден таңғы сағат 7.00-ге дейін*);

3. тұтынушыларды энергия үнемдеуге ынталандыру.

2009 - 2014 жылдар аралығында тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді қолдану әсерін талдау республикада электр энергиясын тұтыну құрылымы өзгерістерге ұшырамағанын көрсетті, атап айтқанда:

- электр энергиясын **түнгі** тұтыну тек **0,5%**-ға ұлғайды;
- кешкі тұтыну тек **1,2%**-ға азайды.

Бұл талдау Ұлттық жүйелік оператор болып табылатын «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC»-тың қорытындысымен расталады. Сонымен, тәулік ішінде ең төменгі тұтынудың ең жоғарыға қатынасы және тұтынудың орташа тәуліктік мәнінің ең жоғарғы қатынасы ретінде мұндай көрсеткіштердің диапазоны 2009-20016 жылдар бойы Қазақстанның біртұтас энергия жүйесі бойынша бір деңгейде қалды.

Осыған байланысты, тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді енгізудің негізгі мақсатына **қол жеткізілген жоқ**.

Сонымен бірге, тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді қолдану практикасы электр энергиясына арналған тарифтер деңгейлерінің **елеулі айырмасының** пайда болуына әкеп соқты (*№ 2 қосымша*).

Айталық, мысалы, Астана және Алматы қалалары бойынша тәулік уақыты бойынша тарифтердің деңгейі (*ҚҚС-сыз*) мыналарды құрады:

*теңге/кВтс (ҚҚС-сыз)*

	<u>күндізгі</u> мөлшерлеме (7:00-ден 19:00-ге дейін)	<u>кешкі</u> мөлшерлеме (19:00-ден 23:00-ге дейін)	<u>түнгі</u> мөлшерлеме (23:00-ден 7:00-ге дейін)
Астана қаласы	<b>15,24</b>	<b>31,50</b>	<b>4,30</b>
Алматы қаласы	<b>16,10</b>	<b>33,68</b>	<b>4,54</b>

Демек, кешкі уақытта электр энергиясына арналған тарифтер тұтынушылардың басым бөлігі үшін **екі еседен астамға өсті**.

Бұл ретте, тұтынушылардың көп бөлігінің тұтынудың **түнгі** режиміне көшуге **іс жүзінде мүмкіндіктері жоқ** (*бұл бизнестің негізгі бөлігі, өнеркәсіптік кәсіпорындар, қызмет көрсету саласы, тұрмыстық қызмет, дүкендер, асханалар желі, кинотеатрлар, метрополитен, білім беру және медициналық мекемелер, бюджеттік ұйымдар, көп қабатты үйлердің тұрғындары және т.б.*).

2016 жылы еліміз бойынша электр энергиясын түнгі тұтыну үшін орташа есеппен **11%**-ды құрады, оның ішінде **10%**-ға жуығы заңды тұлғалар және **1%-дан** астамы жеке тұлғалар (*№ 3 қосымша*).

Жеке тұлғалардың тәулік зоналары бойынша электр энергиясын пайдалануын талдау жалпы көлемде түнгі тұтынудың үлесі 0,04%-дан (*Атырау облысы*) 4,25%-ға (*Павлодар облысы*) құрайтынын көрсетті.

Бұл ретте, түнгі тарифтің арзандығы тұтынушыларды энергия үнемдеуге ынталандырған жоқ. Айталық, Астана қаласында Family Village және Garden Village коттедж қалашықтарының тұрғындарының электр энергиясын тұтыну айына 4-тен **28,7** мың кВтс/ай (*ҚҚС-сыз*) құрайды, **бұл кәсіпкерлік субъектілерінің тұтыну көлемімен салыстырылады**. Мысалы:

теңге/кВтс (ҚҚС-сыз)

№	Субъектінің атауы	1 айға тұтыну көлемі
1	«Хлебхавод №7» ЖШС (Алматы қаласы)	<b>11,8</b>
2	«Перинталдық алдын алу орталығы» ЖШС	<b>6,3</b>
3	«Менеджмент, экономика және құқық институты» ЖШС	<b>6,2</b>
4	«Сеселкин Валентин Петрович» ЖК (аспаздық цехы)	<b>6,2</b>
5	«Егоркино басқарма компаниясы» ЖШС	<b>5,0</b>
6	«Astana BL&NT» ЖШС (бетон конструкцияларды өндіру)	<b>4,1</b>

Салыстыру үшін: жайлы көп қабатты алаңы 90 ш.м үйдегі пәтерде тұратын орташа статистикалық 3 адамнан тұратын отбасы айына 150 - 180 кВтс тұтынады.

**Түнгі тариф өзіндік құннан төмен болғандықтан**, тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді қолдану энергиямен жабдықтаушы ұйымдарда шығындардың пайда болуына әкеп соқты. Нәтижесінде 2015 жылы энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың залал сомасы шамамен **5 млрд.** теңгені құрады (*№ 4 қосымша*).

Заңнамаға сәйкес толық алынбаған кіріс сомасы немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымның негізсіз табыс алуы тұтынушылардың тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді қолдануына байланысты кезекті тарифтерді тиісті босату тарифін өзгерту есебінен қайта қарау кезінде ескеріледі.

Бұл ретте, осы залалдар **өзінің технологиялық процесін өзгерте алмаған және түнгі тұтыну үлесін ұлғайта алмаған тұтынушыларға** (*бюджеттік ұйымдар, тұрмыстық қызмет, дүкендер, асханалар желісі және т.б.*), сондай-ақ **түнгі тұтынуға көшпеген жеке тұлғаларға салмақ түсіреді.**

Айталық, мысалы 2016 жылы Батыс Қазақстан облысында сараланған тарифтерді қолданудан залал **411,2 млн. теңгені** немесе **0,58** теңге/кВтс құрады. Бұл ретте, энергиямен жабдықтаушы ұйым «Батыс Энергоресурсы» ЖШС-ның өзінің қызметін асыру үшін шығындары **0,52** теңге/кВтс-ты құрайды. Яғни тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді қолданбаған жағдайда «Батыс Энергоресурсы» ЖШС-ның орта босату бағасы **15,26** теңге/кВтс-тың (*ҚҚС-сыз*) орнына **14,68** теңге/кВтс-ты (*ҚҚС-сыз*) құраған болар еді. Ақмола облысында залал **252,3** млн. теңгені немесе **0,46** теңге/кВтс-ты құрады. Бұл ретте, «Кокшетау Энерго Центр» ЖШС-ның өзінің қызметін жүзеге асыру үшін шығындары **0,64** теңге/кВтс-ты құрайды. Осылайша, сараланған тарифтерді қолданудан залал деңгейі энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың өздерінің қызметін жүзеге асыруға арналған шығындарымен салыстырылады. Республиканың басқа өңірлері бойынша, осыған ұқсас жағдайлар орын алған (*№ 5 кесте*).

Осылайша, электр энергиясын тұтынудың түнгі режиміне ауыса алмаған тұтынушыларға қатысты әлеуметтік әділетсіздік орын алып отыр.

Сонымен бірге, тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді қолдану осы тарифтермен жұмыс істеу тиімді емес мекемелер тарапынан теріс реакция тудырды, олар: сауда үйлері, сауда-ойын-сауық орталықтары (*технологиялық*

тұрғыдан түнгі уақытқа жұмысқа көшу мүмкін емес), бюджеттік мекемелер (мектептер, ауруханалар, мемлекеттік мекемелер, балабақшалар және т.б.), оқу орындар (ЖОО, колледждер және т. б.), метрополитен (негізгі жүктеме жүйелілігі кешкі қарбалас сәтіне сәйкес келеді), мейрамханалар, қоғамдық тамақтану орындары (негізгі жүктеме жүйелілігі кешкі қарбалас сәтіне сәйкес келеді), кәсіпкерлік субъектілері (медициналық орталықтары, сауықтыру кешендері, дүкендер, тұрмыстық қызмет және т. б.), ұйымдар, жеке меншік компаниялар (ЖШС, ДК, жұмыс кестесі күндізгі және кешкі уақытта).

Нәтижесінде, 2014 жылы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Қ. Мәсімовтің өңірлік сапарлары (Павлодар және Батыс Қазақстан облыстары) кезінде тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді қолдануға бизнес субъектілері тарапынан көптеген шағымдар болды. Осыған байланысты, Үкімет осы норманы жою мәселесін қарауды тапсырды.

Бұдан басқа, 2015 жылғы ақпанда «Электр энергетикасы және көмір: қорытындылар мен перспективалар» атты Үкімет сағатының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді одан әрі қолданудың орындылығы мәселесін қарау туралы Ұсынымдары жіберілді.

Сондай-ақ тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді жою мәселесі Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі - ҰКП) алаңдарында бірнеше рет (14 рет), сондай-ақ Қоғамдық кеңестің (Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің өкілдерінің, ҰКП-ның, «Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы» ЗТБ-ның, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың, электр энергетикасын дамыту институттың және т. б. қатысуымен) талқыланды.

Жоғарыда аталғанды ескере отырып, 2015 жылғы шілдеден бастап тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді жою бойынша заңнамалық жұмыс басталды, ол екі кезеңде өткізілді:

бірінші кезеңде: 2015 жылғы 12 қарашада заңды тұлғалардың электр энергиясы үшін тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтер бойынша төлеу міндеттерін жою бөлігінде «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер енгізілді;

екінші кезеңде: 2017 жылғы 11 шілдеде тұтынушылардың электр энергиясы үшін тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтер бойынша ақы төлеуді таңдау құқығын жою бөлігінде «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер енгізілді.

Тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді жою нәтижесінде электр энергиясына тарифтердің деңгейі тұтынушылар үшін екі еседен астам төмендетілді.

	Тариф, тенге/кВтс (КҚС-сыз)		
	жойылғанға дейін	жойылғаннан кейін	төмендеуі %
Қарағанды облысы	55,08	17,51	<b>-68</b>
Солтүстік Қазақстан облысы	51,20	19,50	<b>-62</b>
Шығыс Қазақстан облысы	28,88	11,57	<b>-60</b>

Қызылорда облысы	51,67	22,62	<b>-56</b>
Оңтүстік Қазақстан облысы	50,72	22,13	<b>-56</b>
Ақмола облысы	43,10	19,21	<b>-55</b>
Маңғыстау облысы	30,09	13,63	<b>-55</b>
Алматы облысы	43,84	20,37	<b>-54</b>
Қостанай облысы	44,09	20,26	<b>-54</b>
Батыс Қазақстан облысы	37,64	17,60	<b>-53</b>
Астана қаласы	31,50	15,24	<b>-52</b>
Атырау облысы	37,79	17,96	<b>-52</b>
Жамбыл облысы	41,69	19,89	<b>-52</b>
Ақтөбе облысы	29,20	15,94	<b>-45</b>
Павлодар облысы	27,14	14,96	<b>-45</b>

Бұдан басқа, бірқатар наубайханаға, кондитерлік кәсіпорындарға, сауда үйлеріне, супермаркеттерге, минимаркеттерге және республика бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жүргізілген талдау электр энергиясына тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді жою электр энергиясына орташа өлшенген тарифті қолдану нәтижесінде электр энергиясына ақы төлеу шығындары төмендегенін көрсетті (*электр энергиясын тұтыну көлемін және тарифтерді салыстырғанда*). Сонымен, мысалы:

Субъектінің атауы	Өңір	Электр энергиясына ақы төлеу шығыстары, мың теңге		
		жойылғанға дейін	жойылғаннан кейін	ауытқу
<b><i>наубайханалар, кондитерлік кәсіпорындар</i></b>				
«Қала-нан» ДК	Солтүстік Қазақстан облысы	6 230	2 955	<b>3 275</b>
«Крендель» ЖШС	Павлодар облысы	3 109	2 955	<b>98</b>
КХ Дехкан-Нури	Оңтүстік Қазақстан облысы	375	357	<b>18</b>
15-«Кондитер» ЖШС	Шығыс Қазақстан облысы	20 249	19 390	<b>858</b>
«Пиров А.П.» ДК	Қарағанды облысы	11 535	11 476	<b>59</b>
<b><i>мейрамхана кешендері</i></b>				
«Ресторан КЗ» ЖШС	Алматы қаласы	7 020	6 353	<b>667</b>
«ВАН-Ақтөбе» ЖШС	Ақтөбе облысы	727	594	<b>133</b>
«Бақ Сарайы»	Жамбыл облысы	4 738	4 513	<b>224</b>

мейрамханасы				
«Ташкараева С.С.» ЖК	Оңтүстік Қазақстан облысы	1 087	923	<b>163</b>
«Энергия плюс ТБ» ЖШС	Қарағанды облысы	2 279	1 514	<b>765</b>
<b>сауда үйлері</b>				
«Mega Center Plus» сауда үйі	Алматы қаласы	640 080	606 917	<b>33 163</b>
«Зиманова» ДК	Ақмола облысы	16 103	14 961	<b>1 144</b>
«Жетысу» сауда үйі	Алматы облысы	2 891	2 735	<b>156</b>
«Құсайынов» ДК	Ақтөбе облысы	4 318	3 773	<b>546</b>
«Арзан» сауда үйі	Жамбыл облысы	8 651	8 598	<b>53</b>
«Вэлта» ЖШС	Солтүстік Қазақстан облысы	6 901	2 013	<b>4 889</b>
«Меджидов Хафиз» ЖК Фаизоглы»	Шығыс Қазақстан облысы	14 412	13 057	<b>1 354</b>
«Батыр-Павлодар» ЖШС	Павлодар облысы	97 132	91 144	<b>5 988</b>
«Фиркан» ЖШС	Оңтүстік Қазақстан облысы	5 646	5 630	<b>16</b>
«Норма-2005» ЖШС	Қарағанды облысы	796	793	<b>3,0</b>
<b>супермаркеттер және мини-маркеттер</b>				
«Осипенко» ДК мини-маркеті	Ақмола облысы	2 153	1 905	<b>247</b>
«Магнат» супермаркеті	Жамбыл облысы	10 432	9 984	<b>448</b>
<b>ірі кәсіпкерлік субъектілері</b>				
«Altyntau Kokshetau» АҚ алтын өндіру фабрикасы	Ақмола облысы	21 905	21 776	<b>129</b>
«Қазгер»		59 816	56 145	<b>3 671</b>

ЖШС құс фабрикасы				
«Скиф Трейд» ҚБ		2 280	2 121	<b>159</b>
№ 17 нақты болат құю цехы	Ақтөбе облысы	4 919	4 824	<b>95</b>
«Единство» ЖШС	Солтүстік Қазақстан облысы	16 040	9 461	<b>6 579</b>

Өз кезегінде, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарының наубайхана және ұн тарту кәсіпорындарының ақпараты бойынша, тәулік зоналары бойынша электр энергиясына **сараланған тарифтерді жою өнімнің құнына әсер еткен жоқ.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтердің қолданылуы кезеңде (2009 жылдан бастап 2016 жылға дейін), **нан бағасы 125%-ға өсті** (мысалы, 2016 жылмен салыстырғанда 2015 жылдан бастап нан бағасы Астана қаласында 108 теңгеден 125 теңгеге немесе 15,7%-ға, Алматы қаласында 96 теңгеден 114 теңгеге дейін немесе 18,7%-ға, ОҚО- да 78 теңгеден 92 теңгеге дейін немесе 18%-ға, СҚО - да 95 теңгеден 120 теңгеге дейін немесе 26,3%-ға өсті).

Бұл ретте, электр энергиясына түнгі «арзан» тарифтерді қолданған наубайхана кәсіпорындарының меншік иелері нан құнын төмендетпеген, керісінше, электр энергиясы тарифтерінің өсуімен салыстырғанда, жыл сайын озыңқы түрде өскен.

Айталық, Алматы қаласы бойынша электр энергиясына орташа босату тарифі 2016 жылы 3,8%-ға (15,51 теңгеден 16,10 теңге/кВтс (ҚҚС - сыз) дейін), ал нан құны 8,3%-ға (60 теңгеден 65 теңгеге дейін) өсті. 2017 жылы электр энергиясына орташа босату тарифі 1,6%-ға (16,10 теңгеден 16,36 теңге/кВтсағ дейін (ҚҚС - сыз) өсті, ал нан құны 15%-ға (65-тен 75 теңгеге дейін) өсті. Бұл ретте, нан құнының өсуі тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді қолдану кезінде орын алған (Алматы қаласында аймағында тәулік зоналары қазіргі уақытта жойылған жоқ).

Өз кезегінде, талдау деректері бойынша электр энергиясына сараланған тарифтер жойылғанға дейінгі нанның өзіндік күн құрылымында үлесі - 5,4%-ды, ал жойылғаннан кейін – 6,5%-ды құрады.

Алматы қаласы бойынша 2017 жылы электр энергиясын нан-тоқаш өнімдерін өндіруге қолданатын тұтынушылардың электр энергиясын тұтынуына жүргізілген талдау қолданыстағы босатылған тариф 16,36 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз) болған кезде нақты орташа өлшенген тариф 16,10 теңге/кВтс (ҚҚС-сыз) құрағанын көрсетті.

Яғни, орташа нақты тарифке өзіндік құннан шамамен 3,5 есе төмендеді құрайтын түнгі тұтыну зонасына тарифтің әсері елеусіз – 0,26 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз) құрады.

Солтүстік Қазақстан облысында тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтердің әсерін талдау ең ірі субъектілер «Петропавловский хлебобулочный комбинат» ЖШС және «Далангер» ЖШС нан және ұн өндірісінің өзіндік құнында электр энергиясына жұмсалатын шығындар жойылғанға дейін 4,3%-



дан (2,07 теңге) 10%-ға (5,3 теңге) дейін, жойылғаннан кейін – 6,2%-дан (2,98 теңге) және 10,5%-ға (5,59 теңге) дейін құрағанын көрсетті.

Осылайша, 1 сұрыпты салмағы 550 гр. 1 бөлке нанды пісіру үшін электр энергиясына жұмсалатын шығындардың өсуі тиісінше 0,91 және 0,29 теңгені құрады.

Ұн тарту кәсіпорны «Қайнат» ЖШС-ның бойынша 1 сұрыпты 1 кг. ұн өндіру үшін электр энергиясына жұмсалған шығындар сараланған тарифтер жойылғанға дейін 5,8%, (3,52 теңге), жойылғаннан кейін – 10,6%-ды (6,84 теңге) құрады.

Ұн тарту кәсіпорны «DEZ» ЖШС-ның электр энергиясына жұмсалған шығындары керісінше 3,9%-дан (1,40 теңгеден) 3,75%-ға (1,32 теңгеге) дейін төмендеген.

Ұн және нан өндіруде өзіндік құнда шығындардың негізгі үлесі (50-70%), негізгі шикізатқа (бидай, ұн) тиесілі екендігін атап өткен жөн.

Осылайша, тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді жою жоғарыда аталған өнімнің өзіндік құнына елеулі әсер еткен жоқ.

Айталық, Министрліктің жанында құрылған Жұмыс тобының (2018 жылғы 15 наурыздағы № 106 бұйрық) 4 отырысының қорытындысы бойынша Жұмыс тобының мүшелері тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтер жойылғанға дейін және одан кейін электр энергиясына тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді жою атмосфераға ластаушы заттардың нақты шығарындыларының ұлғаюына әсер етпегенін атап өтті. Бұл ретте, атмосфераға шығарындылардың көрсеткіштеріне ауа райы (суық немесе жылы қыс), жел раушандары, халық саны (2009 жылы республика бойынша - 16 009,6 мың адам, 2018 жылы - 18 177,7 мың адам, Астана қаласы бойынша 2009 жылы халық саны 605 254 адам, ал 2017 жылы - 972 692 адам), көлік құралдарының саны және т.б. сияқты көптеген факторлар әсер етеді.

Бұл ретте облыс әкімдіктері:

- Ақмола – сараланған тарифті жойғаннан кейін коммуналдық және электрмен жабдықтау ұйымдарының шығындары төмендеді. Көп пәтерлі тұрғын үйлерде тұратын және тұтыну көлемі бойынша электр энергиясына төлейтін тұрғындар үшін тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтің жойылуы да оң әсерін тигізді;

- Ақтөбе – 2016 жылы сараланған тарифтерді қолданудан болған шығындар **77 млн. теңгені**, 2017 жылы **95 млн. теңгені** құрады;

- Атырау – сараланған тарифтерді жою өңірлердегі заңды тұлғалардың қаржы-шаруашылық қызметіне оң әсерін тигізді;

- Шығыс Қазақстан – сараланған тарифтерді жою тарифтердің әділ деңгейін белгілеуге мүмкіндік берді;

- Қостанай – сараланған тарифтер тұтынушылардың абсолютті көпшілігінің, соның ішінде халықтың экономикалық мүддесін білдірген жоқ;

- Қызылорда – сараланған тарифтерді жою өңірдегі кәсіпкерлерге оң әсерін тигізді;

- Маңғыстау – өздерінің процестерін өзгерте және түнде тұтынатын үлесін ұлғайта алмаған тұтынушылар үшін әлеуметтік әділетсіздік болды деп атап көрсетіп отыр.

*Мәслихаттар депутаттарының, өңірлік ҰПК, кәсіпкерлердің ұстанымы*

Өткізілген мәжіліс нәтижелері бойынша жалпы **сараланған тарифтерді жоюдың қолдау тапқанын** және ол **дұрыс шешім** болып табылатынын атап көрсетеміз.

Сонымен қатар, мәжіліске қатысушылардың атап көрсеткені:

- Атырау, Ақмола, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан облыстары – сараланған тарифтерді жою сараланған тарифтерді төлейтін аумақтағы тұтынушылардың негізгі үлесіне негізделген, олар жұмыс кестесі күндізгі және түнгі уақытқа белгіленген бюджеттік ұйымдар (*мектептер, ауруханалар, мемлекеттік мекемелер, балабақшалар және т.б.*), қоғамдық тамақтану орындары, кәсіпкерлік субъектілер (*медициналық орталықтар, сауықтыру кешендері, дүкендер, тұрмыстық қызмет көрсету орындары және т.б.*), ұйымдар, жеке компаниялар (*ЖШС, ЖК*). Сараланған тарифтерді жою Петропавл қаласы мен облыстың елді мекендерінде көшелерді жарықтандыруды жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін қаражаттың айтарлықтай үнемделуі болды;

- Батыс Қазақстан облысы – шағын және орта бизнес субъектілері шығынға ұшырады. Мәселен, «Агропродукт» ЖШС (*шұжық өнімдері өндірісі*) 2017 жылы 2,5 млн. теңге, «BKSS Lpg» ЖШС - 559 мың теңге, «Бизнес Адал» ЖШС - 800 мың теңге, «Прод-Интер» ЖШС (*супермаркет*) – 2,2 млн теңге, «ТУСМ-14» ЖШС 1,5 млн. теңгені құрады;

- Ақмола облысы – «Көкшеполиграфия» ААҚ сараланған тарифтердің енгізілуі едәуір шығындарға алып келді, нәтижесінде 7 жыл ішінде 55 адамды жұмыстан шығаруға тура келді, тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді енгізу тағы да штатты қысқартуға әкеледі. Сараланған тарифтерді жоюды «Теміржолсу» ЖШС және «Көкшетау Су Арнасы» ШЖҚ МКК қолдады;

- Ақтөбе облысы - жылыжай бизнесі саласынан тыс, сараланған тарифтерді жою бизнестің басқа салаларына кері әсерін тигізген жоқ. Мәслихат депутаты мемлекет тарапынан субсидиялау тетігі арқылы жылыжай бизнесімен айналысатын кәсіпкерлерді қолдау жөніндегі мәселені қарастыруға ұсыныс жасады;

- Павлодар облысы – Ақсу қаласындағы жылыжай кешенінің өкілдері сараланған тарифтерді жоюдың кәсіпорынның қызметіне әсер етпегендігін атап өтті;

- Ақтөбе облысы – ұн тарту және нан-тоқаш кәсіпорындары өкілдерінің пікірлері бойынша сараланған тарифтерді жою өнімнің құнына әсер етпеген;

- Алматы облысы – «Нұр Отан» партиясы филиалының өкілдері нан-тоқаш өнімдерінің бағаларын тежеу мақсатында наубайханалар үшін субсидия қарастыруды ұсынды;

- Шығыс-Қазақстан облысы – наубайхана өкілдерінің пікірлері бойынша түнгі жұмыс режиміне ауысу экономикалық жағынан орынсыз, себебі өнімнің өзіндік құнында шығындардың негізгі үлесі жалақы бойынша төленеді, соған сәйкес түнгі уақытқа ауысқан жағдайда қызметкерлердің жалақысын ұлғайту қажет;

- ҰКП мен «Нұр Отан» өкілдері (*Астана, Атырау облысы, ШҚО, Қарағанды облысы, Қостанай облысы, Қызылорда облысы, Маңғыстау облысы*) өзінің жұмыс процесін түнге уақытқа өзгерте алмаған тұтынушыларға қатысты әлеуметтік әділетсіздіктің орын алғандығын атап көрсетті.

Сонымен бірге 6 облыстың (БҚО, Ақмола, Алматы, Қызылорда, Жамбыл және СҚО) 16 бизнес-қоғамдастығы жеке кәсіпкерлік сегментінің дамуына ықпал ететін тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтердің жойылуына оң баға берді.

Ағымдағы жылдың 19 ақпанында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А. Досаевтың төрағалық етуімен облыс және қала әкімдіктерінің қатысуымен өткізілген мәжіліс шеңберінде электр энергиясына тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерге қайтару туралы мәселе көтерілді. Сонымен қатар, барлық өңірлер (Астана қаласын қоспағанда) тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді жою жөніндегі ұстанымды қолдады.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, өткізілген кеңестердің және Әкімдіктер ұсынған ұстанымдардың нәтижелері бойынша, тұтастай алғанда тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді жою мәселесі қолдау табатынын және оған қайта оралу орынсыз екендігін атап өтеміз.

3. *Ұлт жоспарының № 50 және № 52 қадамдарын 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап іске асыру мәселелер бойынша*

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап электр энергиясы нарығымен қатар сұранысты қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде жұмыс істеп тұрған электр қуатын күтіп ұстау және жаңа электр қуатын енгізу үшін инвестициялар тарту мақсатында электр қуатының нарығы жұмыс істейтін болады.

Қуат нарығының енгізілуімен көтерме тұтынушылар үшін қолданыстағы тариф екі бөлікке бөлінеді:

1) электр энергиясының тарифі - электр энергиясын өндіруге жұмсалатын шығынды, жаңартылатын энергия көздерін қолдау үшін қаржы-есеп айырысу орталығынан электр энергиясын сатып алуды және тұрақты пайданы қамтитын айнымалы бөлігі;

2) электр қуатының тарифі – барлық қолданыстағы *(жұмыс істейтін)* және жаңадан енгізілетін энергия өндіруші ұйымдарға электр қуатының эзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметіне төленетін тұрақты бөлік.

Электр қуаты нарығында бірыңғай сатып алушы құрылады, ол қолданыстағы және жаңадан енгізілетін энергия өндіруші ұйымдардан электр қуаттың эзірлігін ұстап тұру жөніндегі қызметтерді сатып алады және осы көрсетілетін қызметті **көтерме тұтынушыларға** *(өнеркәсіптік кәсіпорындарға, электр энергиясын жеткізу және энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға)* бір орташа баға бойынша сатады. Бірыңғай сатып алушымен электр қуаты нарығының моделі соңғы тұтынушылар үшін электр энергиясының бағаларына салаға жаңа инвестициялар ағынының әсерін мейлінше азайту әсеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді, яғни еліміздің инвестициялық энергетикалық жобаларын іске асырудан электр энергиясына бағалардың өңірлік өзгеруі мүмкіндігінше азаяды.

Қазіргі кезде нарық субъектілерін 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап алдағы электр қуаты нарығының жұмыс істейтіні туралы хабардар ету жөнінде түсіндіру іс-шаралары кезең-кезеңмен өткізіліп жатыр. 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында нарыққа қатысушылардың қатысуымен, оның ішінде кәсіпкерлермен алты «қуаттылықпен имитациялық сауда-саттық» өткізу

жоспарлануда. Аталған жұмыс, сондай-ақ электр энергиясының көтерме сауда нарық субъектілерінің көп санын тарту үшін «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлік палатасымен бірлесіп жүргізіледі.

Қосымша 5 парақта

**Министр**

**Т. Сүлейменов**

*орынд. Зеріпбаев М.М.  
Тел 74-26-66*

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан**

*На депутатский запрос № 194 от 24 января 2018 года*

**Уважаемые депутаты!**

Министерство национальной экономики Республики Казахстан (*далее – Министерство*), в рамках ответа на депутатский запрос № 194 от 24 января 2018 года, сообщает следующее.

*1. По вопросам укрупнения энергопередающих организаций*

В целях реализации задач, определённых в 51 шаге Плана Нации – 100 конкретных шагов, разработан и 11 июля 2017 года принят Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам электроэнергетики» (*далее - Закон*).

Первостепенной задачей Закона является **сокращение количества энергопередающих организаций и решение проблем бесхозных электрических сетей.**

Законом установлены требования к энергопередающим организациям, которые вводятся поэтапно:

1) с 1 января 2018 года вступило в силу первое требование по наличию диспетчерского технологического управления;

2) не позднее 1 января 2020 года требуется наличие служб, укомплектованных обученным и аттестованным персоналом, осуществляющих эксплуатацию и техническое обслуживание электрических сетей, оборудования, механизмов, охрану труда и технику безопасности, обеспеченных средствами индивидуальной и коллективной защиты, спецодеждой, инструментами и приспособлениями, и наличие договоров с системным оператором на оказание системных услуг;

3) не позднее 1 января 2022 года требуется наличие автоматизированных систем коммерческого учета, систем телекоммуникаций, обеспечивающих их унификацию с системами, установленными у системного оператора и региональной электросетевой компании.

Согласно установленного механизма, государственный орган по энергетическому надзору и контролю выявляет энергопередающие организации, не соответствующие требованиям Закона и представляет такую информацию в уполномоченный орган, осуществляющий руководство в сферах естественных монополий. Уполномоченный орган ответственный за утверждение тарифов должен **пересмотреть ранее утверждённые тарифы для компаний, не соответствующих требованиям.**

